

Өмірзақова Әсел Махамбетқызы
8D01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертацияға

АННОТАЦИЯ

Зерттеу тақырыбы: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары.

Зерттеудің мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмысқа даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделін теориялық негіздеу және тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізу.

Зерттеу міндеттері:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау үдерісінің теориялық-әдіснамалық негіздері мен «Шағын жинақты мектеп», «Оқу-әдістемелік жұмыс» «Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық» ұғымдарының мәнін анықтау.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлерінің айқындау;

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттарын құру;

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделін әзірлеу;

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауда өңделген педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделі теориялық тұрғыдан негізделсе, өңделсе және жүзеге асырылса онда бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсібилігін арттырады, өйткені шағын жинақты мектептің оқу әдістемелік жұмысына қажетті кәсіби даярлықты қамтамасыз етеді.

Зерттеу әдістері:

- зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттер мен әдістемелік дереккөздерді талдау және жүйелеу; білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын, нормативтік құжаттарды және озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу; салыстыру, жалпылау және модельдеу.

- эмпирикалық әдістер – мақсатты педагогикалық бақылау жүргізу, сұхбат алу және педагогикалық экспериментті ұйымдастыру, диагностикалық құралдар мен әдістемелерді пайдалану. Т.И.Ильинаның «ЖОО студенттерінің оқу мотивациясын зерттеу әдістемесі», Е.М.Павлютенковтың «Мамандық таңдаудағы негізгі уәждерді анықтау әдістемесі», А.В.Карповтың «Жеке тұлғаның рефлексия деңгейін анықтау әдістемесі»;

- математикалық-статистикалық әдістер: зерттеу нәтижелері SPSS бағдарламасы арқылы өңделді. Математикалық-статистикалық талдау барысында сипаттамалық статистика (орташа мәндер, пайыздық көрсеткіштер), Стьюденттің t-критерийі және дисперсиялық талдау (ANOVA) қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да қорытындылар):

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері жүйелілік-мазмұндық, тұлғалық-бағдарлы және іс-әрекеттік тәсілдерге сүйенеді. Бұл тәсілдер білім беру мазмұны мен үдерісін ұйымдастыруда, сондай-ақ болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда өзара байланысты көзқарастар кешенін қамтамасыз етеді:

Жүйелілік-мазмұндық тәсіл – оқу-әдістемелік жұмысқа даярлық үдерісін тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, оның құрылымы мен мазмұнын шағын жинақты мектептің ерекшеліктеріне бейімдеуге жағдай жасайды;

Пәнаралық байланысқа негізделген тәсіл – білім алушылардың тұтас дүниетанымын қалыптастырып, біріктірілген сыныптарда оқыту мазмұнын үйлестіруге ықпал етеді;

Іс-әрекеттік тәсіл – болашақ мұғалімдердің нақты кәсіби міндеттерді орындау арқылы тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға және нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ұғымдық аппараты нақтыланды:

– шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп;

– оқу-әдістемелік жұмыс – біріктірілген сынып жағдайында оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау жүйесі, оған білім мазмұнын іріктеу, әдістемелік сүйемелдеу және оқыту сапасын бағалау кіреді;

– болашақ мұғалімдерді оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау – шағын жинақты мектепте жұмыс істеуге бағытталған мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік-әдістемелік және әрекеттік-рефлексивтік дайындықты қалыптастыруға арналған мақсатты үдеріс.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау жағдайы талданып, оның тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық шарттары айқындалды.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнына, педагогикалық практикаларға және нормативтік құжаттарға жасалған талдау көрсеткендей, болашақ мұғалімдерді шағын жинақты мектеп жағдайында кәсіби қызметке даярлау үдерісі фрагментарлы сипатта жүргізілуде және біріктірілген сыныптардағы оқу-әдістемелік жұмыстың ерекшеліктерін жеткілікті деңгейде қамтымайды. Бұл мектептерде оқу үдерісінің сәтті жүзеге асуы үшін мұғалімнен әдістемелік икемділік, сыныпаралық оқыту формаларын меңгеру, жеке оқытуды ұйымдастыру және шектеулі ресурстар жағдайында оқуды жоспарлау сияқты кәсіби шеберліктер талап етіледі.

Зерттеу барысында болашақ мұғалімдерді оқу-әдістемелік жұмысқа тиімді даярлауды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттары айқындалып құрылды:

– шағын жинақты мектепке тән кәсіби жағдаяттарға студенттердің енуін қамтамасыз ететін практикаға бағытталған білім беру ортасын құру;

– болашақ мұғалімдерді нақты шағын жинақты мектеп жағдайына енгізетін арнайы ұйымдастырылған педагогикалық практиканы іске асыру;

– шағын жинақты мектепте жұмыс істеу тәжірибесі бар тәжірибелі мұғалімдердің әдістемелік қолдауы мен тәлімгерлігі;

– дәстүрлі ресурстардың шектеулілігін өтейтін цифрлық білім беру ресурстары мен заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану;

– теориялық білім мен болашақ кәсіби тәжірибенің өзара байланысын қамтамасыз ететін пәндік мазмұнды практикалық қызметпен интеграциялау.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделі әзірленді. Бұл модель кәсіби даярлану кезеңдерінің тұтастығын, логикалық өзара байланысын және сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Ұсынылған құрылымдық модель өзара байланысты мынадай құрамдас бөліктерден тұрады:

Мақсатты блок – біріктірілген сыныптарда жұмыс істеуге дайын, шектеулі ресурстар жағдайында оқу үдерісін жобалай алатын және кәсіби дамуға уәжелденген түлектің кәсіби бейінін, мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін қамтиды;

Мазмұндық блок – шағын жинақты мектептегі оқытудың ерекшеліктерін бейнелейтін пәндерді, модульдерді және оқу-әдістемелік материалдарды таңдауға негізделіп, болашақ мұғалімдердің пәндік-әдістемелік және психологиялық-педагогикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған;

Әдістемелік-ұйымдастырушылық блок – болашақ мұғалімдерді шағын жинақты мектептің нақты жағдайына енгізуді, цифрлық ресурстарды қолдануды, тәлімгерлік пен әдістемелік сүйемелдеуді, кейс-әдістер мен пәнаралық тапсырмаларды, дидактикалық шешімдерді қолдануды қамтамасыз ете отырып, практикалық бағдарланған дайындыққа негізделеді;

Бағалау-нәтижелік блогы – болашақ мұғалімдердің дайындық деңгейін бағалау үшін мотивациялық, құндылықтық, рефлексивтік компоненттер бойынша критерийлерді, көрсеткіштерді және деңгейлерді қамтиды.

Осы модельдің іске асырылуы болашақ мұғалімдерде шағын жинақты ауыл мектебінің ерекше жағдайларында табысты жұмыс істеуге қажетті тұрақты білім жүйесін, практикалық дағдылар мен кәсіби ұстанымдарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделі әзірленіп, тәжірибе жүзінде тексерілді. Бұл модель студенттердің кәсіби дайындықтарын қалыптастыруға бағытталған өзара байланысты педагогикалық шарттарды кезең-кезеңімен іске асыруды көздейді. Өңделген шарттар мен модель келесі құрамдас бөліктерді қамтиды:

- біріктірілген сыныптарда оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ашатын элективті пәндерді енгізу;

- шағын жинақты мектептерде оқу тәжірибесін ұйымдастыру және кәсіби тәжірибені талдау мен рефлексиялау;

- цифрлық білім беру ресурстарын (интерактивті платформалар) және практикаға бағытталған тапсырмаларды (кейстер, жобалар) қолдану;

- тәжірибелі педагогтердің тәлімгерлігімен сүйемелденетін тәлімгерлік ортаны қалыптастыру;

- студенттердің дайындық деңгейін мотивациялық, әдістемелік, ұйымдастырушылық-әрекеттік және рефлексивтік компоненттер бойынша әр кезеңде диагностикалау.

Бастауыш сыныптың болашақ мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмысқа даярлаудың педагогикалық шарттары мен моделін іске асыру кешенді оқыту ортасын құруға негізделген. Бұл орта мынадай міндеттерді қамтамасыз етеді:

- біріктірілген сыныптардың ерекшеліктеріне бағытталған элективті курстарды енгізу (мысалы: «Шағын жинақты мектепте оқыту теориясы мен технологиясы», «Цифрлық білім беру ортасының педагогикалық дизайны»);

- жобалау және рефлексия элементтерімен шағын жинақты мектеп жағдайында педагогикалық тәжірибе ұйымдастыру арқылы студенттердің нақты кәсіби ортаға бойлауын;

- интерактивті платформалар мен кейс-тапсырмаларды қоса отырып, цифрлық және интерактивті оқыту форматтарын қолдануды;

- тәжірибелі педагогтардың тәлімгерлігі мен кәсіби жағдайларды модельдеуді;

- кәсіби даярлықты мотивациялық, құндылық, рефлексивтік компоненттері бойынша кезең-кезеңімен диагностика жүргізуді.

Аталған құрылымдық модельдің тиімділігі тәжірибиелік - эксперимент нәтижелерімен дәлелденді, онда студенттердің шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына кәсіби даярлығының оң динамикасын көрсетеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы: Зерттеу ғылыми-педагогикалық негіздерге сүйене отырып, зерттеу пәніне сай қарастырылған педагогикалық әдістердің, тәсілдердің тиімділігін қолдануымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жүйелі жоспарымен, зерттеу мақсаты мен міндеттердің үйлесімділігімен, алынған бастапқы және қорытынды нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңделуімен қамтамасыз етілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздемесі:

- бірінші нәтиже жаңалығы – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- екінші нәтиже жаңалығы – «шағын жинақты мектеп», «оқу-әдістемелік жұмыс», «даярлау» ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланды;

- үшінші нәтиже жаңалығы – оқу-әдістемелік жұмыстарға болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделі әзірленді;

- төртінші нәтиже жаңалығы – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденді;

- бесінші нәтиже жаңалығы – ұсынылған модель мен әдістемелік кешен оқу үдерісіне енгізіліп, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіруде тиімді құрал ретінде танылды

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына кәсіби даярлығын қамтамасыз ететін кешенді оқу-әдістемелік құралдар жүйесін жасаумен сипатталады.

Зерттеу аясында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

«Шағын жинақты бастауыш мектепте оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс әзірленіп, оқу процесіне енгізілді;

-шағын жинақты бастауыш мектеп мәселесі бойынша екі оқу құралы дайындалды. Бұл еңбектерде шағын жинақты мектепте білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері көрсетілген;

- зерттеу тақырыбы аясында республикалық вебинар ұйымдастырылды;

- Шағын жинақты мектептегі өндірістік - педагогикалық (дипломалды) практиканы ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық дайындалды (6В01303 –«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы аясында);

- Алты элективті пән бойынша шағын жинақты мектептің ерекшеліктеріне орай өзгертілген жұмыс бағдарламалары әзірленді

- Қос сыныптарға арналған көпдеңгейлі күнтізбелік-тақырыптық жоспар модельдері құрылды;

- Шағын жинақты мектептегі сабақтарды оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар жасалды.

Ұсынылған материалдар жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарын даярлау барысында, сондай-ақ шағын жинақты мектепте жұмыс істейтін бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесінде қолдануға жарамды. Дайындалған материалдарды кешенді қолдану студенттердің кәсіби даярлығын арттыру және ауылдық ортада тиімді педагогикалық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Зерттеу мазмұны 2017 жылғы 30 қарашадағы №799 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына» толық сәйкес келеді. Құжатта білім беру жүйесін жаңғырту, оқыту сапасын арттыру, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты қысқарту, педагог кадрларды даярлаудың практикалық бағытын күшейту қажеттілігі атап көрсетілген. Шағын жинақты мектеп ауылдық білім беру жүйесінің маңызды буыны болып табылады, сондықтан осындай жағдайларға бейімделген мұғалімдерді даярлау мемлекеттің кадрлық саясатына толық сәйкес келеді.

Сонымен қатар, бұл зерттеу «Педагог мәртебесі туралы» Заңда белгіленген талаптарды жүзеге асыруға бағытталған. Атап айтқанда: педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру, әдістемелік қолдау көрсету, білім сапасына жауапкершілікпен қарау – осы мәселелердің барлығы диссертация мазмұнында көрініс тапқан.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Scopus /Web of Science халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналдарда екі мақала жарық көрді:

1. Training of future primary school teachers for work in an understaffed school. International Journal of Evaluation and Research in Education. –Vol. 14. –No. 5. -2025. - 4040 – 4049. doi: <http://doi.org/10.11591/ijere.v14i5.32093>

Мақала авторлары: Әбілдина С., Баймағанбетова Ж., Амзеева Г - 20% Докторанттың үлесі - 80%

2. Enhancing Teaching Skills through Digital Feedback in Microteaching: A Study with Prospective Primary Teachers. International Journal of Information and Education Technology, 15(9), 1820–1828. doi:10.18178/ijiet.2025.15.9.2383

<https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/32093>

Мақала авторлары: Жұмабаева Ж., Жақсылықова Қ., Айтенова Э., Жайлауова М., Нұрғалиева С — 50% Докторанттың үлесі — 50%

3. Болашақ педагог мамандарды шағын жинақты мектепке даярлау. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2019. - №12 (1). - Б. 226-230. <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/70/7> Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

4. Шағын жинақты мектептегі тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. - Астана, 2020.-№ 6(02).- Б.296-300. <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/95/95>

Авторлар: Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

5. Жаңартылған білім беру жағдайында шағын жинақты мектеп мұғалімдерін даярлау. Торайғыров университетінің Хабаршысы.- Педагогикалық сериясы. – Павлодар, 2021. - №1 . - Б. 114-124.<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/storage/journals/347.pdf>

Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

6. Шағын жинақты мектептердің болашақ мұғалімдерін даярлау және педагогикалық процесс компоненттерінің ерекшеліктері. Торайғыров университетінің Хабаршысы.- Педагогикалық сериясы. – Павлодар, 2022. - №2 . - Б. 350-362.. Докторанттың үлесі — 100%

7. Шағын жинақты бастауыш мектепте білім беру мазмұны мен әдістемесі. Оқу құралы / Қарағанды: Ака, Е.Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті КЕАҚ баспасы, 2021.-233 б

Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 40% Докторанттың үлесі — 60%

8. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте білім беру негіздері. Оқу құралы — Алматы, Эверо, 2021.-276 б

Авторлар: Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

9. The impact of innovative approaches on prospective primary teachers' quality of education: An exploration of practice. Journal of Infrastructure, Policy and Development 2024, 8(15), 9248. <https://doi.org/10.24294/jipd9248>

Авторлар: Жұмабаева Ж., Жақсылықова Қ., Айтенова Э., Жайлауова М., Нұрғалиева С — 30% Докторанттың үлесі — 70%

10. Шағын жинақты мектептерде интербелсенді әдістерді тиімді қолдану. Prospects for the Development of Modern Science: Materials of the V International Scientific-Practical Conference. – Seoul (Korea). -March 11-13. – 2020. –P. 90-95. Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

11. Қазақстандағы шағын жинақты мектептер дамуының әдіснамалық негіздері. Европа и тюркский мир: наука, техника и технологии: V Международная научно-практическая конференция. - Анкаре (Турция). - 6-8 мая. -2020 г. 315-320 стр. Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

12. Педагогикалық жағдайлар бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектепте оқу-әдістемелік жұмысқа дайындау бойынша. // Актуальные проблемы психологии и педагогики: Ғылыми еңбектер жинағы, III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция / 2025 ж. 3 ақпан / Ред. О.И. Каяшева, Н.В. Николаева. СПб.: Ниц Арт, 2025. 194 б. Авторлар: Әбілдина С.Қ., Коломиец О.М. — 20% Докторанттың үлесі — 80%